# ЖЕТІСУ шұғыласы

№ 50 (9035),
жұма, 6 желтоқсан
2024 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ONE WATER САММИТІНЕ ҚАТЫСТЫ

*Қасым-Жомарт Тоқаев Сауд Арабиясының астанасында өтіп жатқан One Water саммитінің ашылу салтанатында сөз сөйледі.*



Мемлекет басшысы аталған іс-шараны ұйымдастыруға қолдау көрсеткені үшін Францияға, Сауд Арабиясына және Дүниежүзілік банк тобына ризашылығын білдірді. Сондай-ақ жиынды Рияд қаласында бірлесіп өткізген Қос киенің сақшысы, Сауд Арабиясының Королі Салман бен Әбделазизге және Сауд Арабиясының Тақ мұрагері, Премьер-министрі Мұхаммед бен Салман Әл Саудқа алғыс айтты.

Қазақстан Президенті су қауіпсіздігі орнықты дамудың, экономикалық өрлеудің және қоршаған ортаны қорғаудың негізі болып саналатынын атап өтті.

– Әлемде 2 миллиардтан астам адам сапалы ауыз суға жарымай отыр, ал 4 миллиардтан астам халық су тапшылығына ұшырады. Адамзаттың орнықты келешегін қамтамасыз ету үшін әлем елдері қазіргі сын-қатерлерге қарсы ортақ үн қатуы қажет. Орайлы сәтті пайдалана отырып, су тапшылығымен бетпе-бет келген елдер мен өңірлердің барлығына көмек көрсету жоспарын жариялағаны үшін Жоғары Мәртебелі Корольге шынайы ризашылығымды білдіремін. Жер аумағы көлемді және теңізге шығатын жолы жоқ ел ретінде Қазақстан судың қадірін анық сезінеді. Су таусылмайтын ресурс емес. Мұны өз басымыздан өткерген жағдайдан білеміз. Судың да сұрауы бар. Оны үнемдеп пайдалану керек. Сонда ғана адамзат өркендеу жолына түседі, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев су қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған шараларды бірлесіп қабылдауға шақырды.

– Барша адамзат, әсіресе шалғайда тіршілік етіп жатқан тұрғындар мен халықтардың осал тобы санитарлық талаптарға сай келетін таза ауызсуға қол жеткізуге тиіс. Бұл – олардың құқы. Климат пен су инфрақұрылымына арналған мақсатты инвестициялар су көзімен қамтамасыз етіп, орнықты өсімге септігін тигізеді. Осы арқылы тұтас өңірлер өркендейді. Қазақстанның таза ауызсуға жаппай қол жеткізуді көздейтін Freshwater Challenge жаһандық бастамасына қосылуы еліміздің осы мақсатқа жетуге бейіл екенін растайды, – деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, су көздерін өнеркәсіптік, химиялық, ауылшаруашылық және тұрмыстық ластанудан қорғау ісінде технологиялық инновациялар мен реттеу тетіктерін қолдану қажет. Судан таршылық көрмеудің маңызды аспектілерінің бірі – су қоймаларының әлеуетін арттыру, мұздықтарды сақтау, суарудың инновациялық жүйесін енгізу.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұздықтарды қорғау мен зерттеуге арналған жаһандық орталықтарды біріктіретін серіктестік құруды ұсынды.

– Мұздықтар су алмасу циклінде айрықша рөл атқарады. Олар дүние жүзіндегі 2 миллиардқа жуық адамды сумен қамтамасыз ететін өзен-көлдерді қоректендіреді. Сондықтан мұздықтардың еруіне жол бермей, тіршілік нәріне мұқтаж өңірлердегі су ресурстарын басқару стратегиясын қолдау үшін бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізіп, бірыңғай су саясатын әзірлеген жөн, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев суға байланысты туындайтын табиғат апаттарының алдын алу су қауіпсіздігінің маңызды бөлігі саналатынына назар аударды. Жыл сайын су тасқыны мен қуаңшылықтан әлемде 1,5 миллиардтан астам адам зардап шегеді. Әсіресе, бұл шағын аралдар мен жағалауда тұратын халықтың әлсіз топтарына қатты әсер етеді. Президент азаматтарды қорғау және қауіп-қатерді азайту мақсатында ерте сақтандыру жүйесін жетілдіру өте өзекті деп санайды.

Мемлекет басшысы су тапшылығы азық-түлік және энергетика қауіпсіздігіне, өнеркәсіп өсіміне қауіп төндіретінін айтты. Оның пікірінше, ауыл шаруашылығындағы су үнемдеуге және энергияның жаңартылатын көздерін дамытуға салған стратегиялық инвестициялар экономика тұрақтылығын арттырып қана қоймай, қоршаған ортаға қысымды төмендетеді.

– Суда шекара болмайды. Ол қоғамдастықтар мен экожүйелерді байланыстырады. Қазақстан Халықаралық Аралды құтқару қорының төрағасы ретінде аймақтық ынтымақтастық пен бірлескен іс-қимылдың ілгерілеуіне қолдау көрсетеді. Біздің ойымызша, климаттың өзгеруімен күрестің алдыңғы шебінде жүрген мемлекеттердің диалогты жандандырып, халықаралық ықпалдастықты дамытуы және суға қатысты жобаларды жүзеге асыру үшін ресурстарын жұмылдыруы өте өзекті. Осы мақсатқа сәйкес, Қазақстан бүгін жаһандық су дағдарысын шешуге мүдделі тараптарды біріктіретін және су ресурстарын басқару ісінде жаңашылдықты жақтайтын One Water Vision коалициясына ерекше ықыласпен қосылды. Еліміз 2026 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен Өңірлік климат конференциясын өткізеді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы 2030 жылға дейінгі орнықты даму саласындағы жаһандық басымдықтардың бірі су ресурстары екенін еске салды.

– Су қауіпсіздігі – жай ғана техникалық немесе экологиялық мәселе емес, бұл моральдық императив. Су қауіпсіздігі проблемасын шешу One Water қағидаты аясындағы көпжақты диалогты дамытуды талап етеді. Қазақстан су ресурстарын жаһандық ауқымда басқару ісін нығайтуды көздейтін осы ұжымдық әрекетке өз үлесін қосуға дайын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Саммитте Сауд Арабиясының Тақ мұрагері, Премьер-министрі Мұхаммед бен Салман Әл Сауд, Франция Президенті Эммануэль Макрон, Дүниежүзілік банк тобының президенті Аджай Банга, Су ресурстары экономикасы жөніндегі жаһандық комиссияның тең төрағасы (GCEW) Йохан Рокстрем, сондай-ақ басқа да елдердің басшылары, халықаралық ұйымдардың, қауымдастықтар мен компаниялардың жетекшілері сөз сөйледі.

**akorda.kz**

## БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ




*Облыс әкімі Бейбіт Исабаев Ескелді ауданына барған жұмыс сапары аясында аудан тұрғындарымен кездесу өткізді, - деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.*

Халықпен кездесуде баяндама жасаған Бейбіт Исабаев әлеуметтік инфрақұрылымды жақсартуға бағытталған шараларға, облыстың ауыл шаруашылығы саласын дамытудағы ауданның қосқан айрықша үлесіне назар аудара отырып, өңірдің алдағы жоспарларына, басқа да негізгі бағыттарға тоқталды. Аудан басшылығының алдына жер қатынастарына қатысты бірқатар міндеттер қойды, атап айтқанда жердің мақсатты пайдаланылуын бақылау, конкурстар мен аукциондар арқылы жер беру жұмыстарын жандандыру жүктелді.

- Өткен он айдың қорытындысы бойынша Жетісу облысындағы қысқа мерзімді экономикалық көрсеткіш 112,6% құрады. Бұл - республика бойынша жоғары көрсеткіштердің бірі. Біз әлеуметтік-экономикалық дамудың қол жеткізілген оң қарқынын сақтап, биылғы жылды сәтті аяқтаймыз деп жоспарлап отырмыз. Бірінші кезекте халықты сапалы ауыз сумен, табиғи газбен, жолдармен, тұрғын үймен, әлеуметтік нысандармен қамтамасыз етуге бар күш-жігерімізді жұмсаймыз. Мысалы, соңғы 2 жылда тек бір Ескелді ауданының өзінде денсаулық сақтау, мәдениет, спорт сияқты әлеуметтік салаларда 18 блок-модульді нысан іске қосылды. Соңғы деректер бойынша Ескелді және шекара маңындағы Панфилов аудандары инфрақұрылымды дамытуда көш бастап тұр, - деп атап өтті өңір басшысы Б.Исабаев.

Инфрақұрылымды дамыту жайына тоқталған облыс әкімі келесі жылы Бақтыбай ауылындағы мәдениет үйін күрделі жөндеуге және Қарабұлақ ауылында саябақ салуға қатысты мәселелер толығымен шешілетініне уәде берді. Бейбіт Исабаева газбен жабдықтау, сапалы ауыз сумен және тұрғын үймен қамтамасыз ету, сондай-ақ жолдарды жөндеу мәселелеріне де назар аударды. Атап өтсек, 2022-2024 жылдары Ескелді ауданына әлеуметтік нысандарды салуға, реконструкциялауға және жобалау жұмыстарына облыстық бюджеттен 25,9 млрд. теңге бөлінген.

Сонымен қатар Бейбіт Исабаев өткен жылғы кездесуде аудан тұрғындары көтерген проблемалық мәселелерге байланысты қабылданған шараларға тоқталды. Мәселен, бүгінгі таңда 2 мәселе толығымен шешілген. Атап айтқанда, балабақша ғимаратына күрделі жөндеу және М. Баисов ауылындағы спорт алаңына жөндеу жүргізілді. Сондай-ақ Көктөбе ауылындағы жолдарды жөндеу және Шымыр ауылындағы Абай көшесін жарықтандыру үшін техникалық-экономикалық негіздемелер әзірленді. Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындылары бар, жұмыстар келесі жылы жүргізіледі. Ақын Сара ауылында арық жүйесін салу да 2025 жылға жоспарланған.

Кездесу барысында тұрғындар өздерін толғандыратын сұрақтарын қойды. Атап айтқанда, Көкжазық ауылының тұрғыны газдандыруды аяқтау, жолдарды жөндеу және ауылды жарықтандыру мерзімдері жайлы сұрады. Белгілі болғандай, қазіргі кезде көшелерді жарықтандырудың кейбір тіректері жұмыс істемейді, осыған байланысты кепілдік міндеттемесі аясында мердігер ұйым бұл мәселені қысқа уақыт ішінде реттеуге міндеттенеді. Газдандыру мен жол жөндеу жобалары өтпелі жоба қатарында, сондықтан келесі жылы аяқталады. Тағы бір тұрғын Қаратал ауылынан аудан орталығына – Қарабұлақ ауылына дейінгі жолдың сапасына алаңдайды. Осы мәселе бойынша облыс әкімі жауапты тұлғаларға нақты ұсыныстар енгізуді тапсырды.

Атап өтсек, Қаратал ауылында биылғы жылы мектепке күрделі жөндеу жүргізіліп, жаңа блокты-модульді мәдениет үйі мен ауыл әкімдігі пайдалануға берілді. Облыс әкімі ауданға сапары аясында аталған жаңа нысандардың жұмысымен танысты.

Жаңа 100 орындық мәдениет үйінде кітапхана, акт және спорт залдары, вокал, би, шахмат, бокс үйірмелер бар. Ауыл әкімдігіне келетін болсақ, 60-шы жылдардың соңындағы ғимарат апатты жағдайда болған. Енді қызметкерлердің тиімді жұмыс істеуі үшін жаңа ғимаратта қажетті жағдайлар бар. Еске салсақ, Қаратал ауылдық округінде 2400-ге жуық тұрғын тұрады.

Сонымен қатар осы күні облыс әкімі Бейбіт Исабаев азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Фототілші: Жеңіс Ысқабай

**Жетісу облысы**
**әкімінің баспасөз қызметі.**

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ТАЗАЛЫҚ АКЦИЯЛАРЫ ЖАЛҒАСУДА

***Жетісу облысында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы басталған уақыттан бері тазалық акцияларына, тарихи-мәдени мұра ескерткіштері мен объектілерін вандализм іздерінен тазарту іс-шараларына жалпы саны 251 мыңнан астам адам атсалысты. Атап айтқанда, кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, волонтерлар, жастар, шағын және орта бизнес өкілдері, жалпы облыс тұрғындары белсене қатысты.***

***Бүгін, 29 қарашада облыс жастары Талдықорған қаласының Өтенай ауылында «ЭКОквест» экологиялық квест ойынын ұйымдастырды. Шараға белсенді жастар, Талдықорған қаласының кәсіптік техникалық білім беру ұйымдарының студенттері, ауыл тұрғындары жалпы 100 адам қатысты. Жаңашыл форматтағы шараның мақсаты – жастар мен жасөспірімдерге қоршаған орта мен табиғат тазалығының қаншалықты маңызды екенін көрсете отырып, оған өз үлестерін қосуға ықпалдасу. Бұл шараға эко-белсенділер мен ауыл тұрғындарынан құралған 15 команда қатысты. 5 локация бойынша өткен ойын Өтенай ауылының орталық аллеясының аумағын қоқыстан тазалаумен қатар, жастарды шапшаңдық пен ұтқырлыққа тәрбиелейді. Қатысушы командалар белгіленген орынды тазалап, ең көп қоқыс шығарудан бәсекеге түсіп, сонымен қатар ойын барысында танымдық сұрақтарға жауап беріп, түрлі кедергілерден өтеді. Викториналық сұрақтар Жетісу өңірінің тарихы, табиғи маңызды орындары мен киелі жерлері туралы қойылды.***



***Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Тимур Губашев: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қолдауымен «Таза Қазақстан» акциясы кең ауқымды республикалық деңгейге ие болғанын атап өткім келеді. Біз бұл әрекетті көшедегі тазалықты сақтау ретінде ғана емес, сонымен қатар өзімізді таза ұстау ретінде қабылдауымыз керек. «Таза Қазақстан» бағдарламасының негізгі идеясы – барлық қазақстандықтар қолдауы тиіс жаңа экологиялық және қоғамдық этиканы қалыптастыру», - деп атап өтті.***

***«Қазақстан студенттер альянсы» Жетісу облыстық филиалының төрағасы, эко-волонтер Ескендір Имандос: «Сәуір айынан бастау алған «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында облыс жастарының ұйымдастыруымен 500 аса шара өтті. Жастардың бойына игі істерді дарыту барысында олардың қызығушылықтарын ескеріп, біз тазалық жұмыстарының пайдалы әрі қызықты бола алатынын көрсеткіміз келеді. Жастардың жаңа ортасы тазалыққа жақын болса, келесіде осы қатысушы өзінің тағы бір досын ертіп келеді. Сөйтіп, тазалыққа жақын, туған жерін аялайтын нағыз жанашыр жастарды қалыптастыра аламыз. Осы тұста «Таза Қазақстан» бағдарламасының қоғамға берері зор екенін айтқым келеді», - деді.***

***Айта кету керек, «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Жетісу облысында жалпы 2 322 техника жұмылдырылып, нәтижесінде 12 822 тонна қоқыс шығарылды. 193 саябақ пен скверді, 721 тарихи-мәдени ескерткіштерді тазарту жұмыстары жүргізілді. Бағдарлама аясында облыс аумағында 56 мыңнан астам түп көшет отырғызылды.***

***«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы Жетісу облысында белсенді түрде ұйымдастырылып, тұрғындар тарапынан зор қолдауға ие болды.***

**Жетісу облысының**
**қоғамдық даму басқармасының**
**мәліметі бойынша дайындалды.**

# БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ПРЕЗИДЕНТТІҢ АТЫНАН ЖЕТІСУЛЫҚ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ҮЗДІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАР ТАБЫС ЕТТІ




***Облыс әкімі Бейбіт Исабаев өңірдің үздік ауыл шаруашылығы қызметкерлерін марапаттау рәсімін өткізіп, олардың бірқатарына ел Президентінің атынан мемлекеттік наградалар табыстады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.***

- Биыл Астанада ел тарихында тұңғыш рет Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің I форумы өтіп, соның аясында Мемлекет басшысы еліміздің әр өңірінен, соның ішінде Жетісу облысынан барған ауыл шаруашылығы саласының өкілдерін марапаттады. Экономиканың өсуі ауыл шаруашылығының дамуына тікелей байланысты. Біздің өңірдің табиғи-климаттық жағдайының қолайлылығы осы маңызды саланың дамуына үлкен ықпал етеді. Бұл ретте біздің өңірде өсірілетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің шамамен 65%-ы өзімізде өңделеді. Биыл негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарынан жоғары өнім алдық. Мәселен, осы жылы облыста алғаш рет 640 мың тонна қант қызылшасын аламыз. Жалпы 510,1 мың гектар егіс алқабынан 2,1 млн.тонна ауыл шаруашылығы дақылдары жиналады деп күтілуде. Осы жетістіктердің барлығында сіздердің қажырлы еңбектеріңіз, үлкен үлестеріңіз бар. Біз өз тарапымыздан мемлекеттік қолдау көрсетуді жалғастырамыз. Мысалы, биыл өңірдің агроөнеркәсіп кешенін қолдауға бюджеттен 35 млрд. теңге бөлінді, - деп атап өткен облыс әкімі Б. Исабаев өңірдің ауыл шаруашылығын дамытуға қосқан үлесі үшін шаруашылық өкілдеріне алғысын білдіріп, марапаттау рәсіміне көшті.

«Парасат» орденімен Талдықорған қаласындағы «Самай» шаруа қожалығының басшысы Еркімбек Слямов марапатталды. Ол өзінің шаруа қожалығының жұмысын 30 жылға жуық уақыт бойы жүргізіп, егіншілікпен, және мал шаруашылығымен қатар айналысып келеді. Қант қызылшасы, жүгері, соя, бидай, арпа, сондай-ақ ірі қара мен жылқы өсіреді. Шаруашылықта 50-ге жуық ауыл шаруашылығы техникасы бар.

Ал Ақсу ауданынан «Дәулет» шаруа қожалығының басшысы Дәулет Биәділов пен Алакөл ауданынан «Асыл тұяқ» ЖШС құрылтайшысы, бас директоры Думан Нағашбекұлы «Құрмет» орденіне ие болды.

Дәулет Көшербайұлы ауыл шаруашылығы саласында 22 жылдан бері еңбек етіп келеді. Негізгі бағыты – қызылша өсіру. Бүгінгі таңда «Дәулет-Б» шаруа қожалығы - Ақсу қант зауытына қызылша өткізетін аудандағы ірі шаруашылықтың бірі. Сонымен қатар фермер ауданның аз қамтылған және көп балалы отбасыларына тұрақты қолдау көрсетіп, қайырымдылықпен белсенді айналысып келеді.

Сол сияқты «Асыл тұяқ» ЖШС асыл тұқымды ірі қара мен қой өсіріп, малдың жаңа тұқымдарын шығарады. Сөйтіп экспорттық әлеуетін арттырып, етті мал шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосып жүр.

Өңірдің ауыл шаруашылығын дамытуға қосқан үлесі ескеріліп, 2002 жылдан бастап Кербұлақ ауданындағы «Нұрқадам» ШҚ жүргізушісі әрі механизаторы болып жүрген Нұрбол Сайдақұлов «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Марапатталғандардың атынан «Самай» ШҚ басшысы Еркімбек Слямов сөйледі.

- Менің шаруашылығымның жері тасты. Сондықтан жоғары өнімділікке қол жеткізу өте қиын. Бірақ қазіргі заманғы техниканың, агротехнологияларды сақтаудың, мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаудың және шыдамдылықтың арқасында қазір осы учаскелерден 550-600 центнерден қант қызылшасын алып отырмын. Біз табысты дамудың осы қарқынын сақтап қалуға бар күш-жігерімізді жұмсаймыз, - деді ол.

Еске салсақ, жуырда Астана қаласында өткен ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің I форумында Жетісу облысының тағы бір шаруашылығының өкілі, Панфилов ауданында тамшылатып суару технологиясымен жұмыс істейтін «Әйгерім» шаруа қожалығының басшысы Ұлан Сарпеков Президенттің қолынан «Құрмет» орденін алған болатын.

Жалпы Жетісу облысында 10 айдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 362 млрд. теңгеден асты, ал жыл қорытындысы бойынша бұл көрсеткішті 102,5%-ға, яғни 518,2 млрд. теңгеге жеткізу жоспарланып отыр.

Фотограф: Жеңіс Ысқабай

**Жетісу облысы
әкімінің баспасөз қызметі.**

# ЕЛОРДАДА «ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР» ИНКЛЮЗИЯЛЫҚ СПОРТ ФЕСТИВАЛІНІҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ




***Елордада ерекше форматта өткен «Тең мүмкіндіктер» инклюзиялық спорт фестивалінің жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Іс-шараға еліміздің түкпір-түкпірінен 200-ге жуық бала қатысты, олардың ішінде 66-сы ерекше қажеттілігі бар балалар.***

«Тең мүмкіндіктер» фестивалі «AMANAT» партиясы Әйелдер қанатының бастамасымен «Кедергісіз келешек» жобасы аясында Оқу-ағарту министрлігі, Қазақстанның бочча федерациясы, Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы, Спортты дамыту дирекциясы және Астана қаласы әкімдігімен бірлесіп ұйымдастырылды.

Марапаттау рәсімінде партия Хатшысы Шолпан Каринова бұл фестивальдің республикалық деңгейде алғаш рет ұйымдастырылғанына баса назар аударды. Оның айтуынша, «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы аясында ерекше білімді қажет ететін балаларға қолдау көрсету бойынша ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Жетісудан айтулы шараға 12 бала қатысқан.

«Бочча» паралимпиадалық спорт түрінен Ескелді ауданының командасы 2 орын және Жеңіл атлетикадан Сарқан ауданының командасы 3 орын иеленді.

Марапат иелерін құттықтай келе, олардың аталмыш фестивальға қатысуға демеушілік көрсеткен @ zhetysu_centr ғылыми-тәжірибелік орталыққа алғыс білдіреміз

# БИЫЛ ЖЕТІСУДА ОБЛЫСТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ 193 ШАҚЫРЫМ ЖОЛ ЖӨНДЕЛІП БІТЕДІ

***Биыл Жетісуда облыстық деңгейдегі 193 шақырым жол мен 54 елді мекеннің ішкі жолдары жөнделіп бітеді. Сол қатарда аудан орталығы мен ауылдардың арасын қосатын жолдар, ауылдардың кірме жолдары, көпірлер, ауылішілік жолдар бар. Осылайша 2024 жылдың соңына қарай жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті автомобиль жолдарының үлесі 94% жеткізіледі, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.***

Мәселен, Қаратал ауданында отыз жылдан астам уақыт жөндеу көрмеген шалғайдағы Көпбірлік ауылына апаратын жолға жөнделіп, жуырда пайдалануға берілсе, осы аудандағы тағы бір маңызды жол - «Үштөбе – Ортатөбе – Кішітөбе» бағытындағы автотрассаның құрылысы бітуге таяу.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Қаратал ауданының халқымен кездесуінде көтерілген аталған жолдардың мәселесіне орай бюджеттен қаржы қарастырылып, жөндеу жұмыстары осы жылдың сәуір айында басталған болатын. Бүгінде құрылыс жұмыстары 95 пайызға аяқталған.

– Үштөбе-Ортатөбе-Кішітөбе жолының жөндеу жұмыстары белгіленген кестеге сәйкес жүргізілді. Жалпы ұзындығы 11 шақырым жөнделді. Мұнда екі қабатты, қалыңдығы 10 см жабын төселді. Қазір абаттандыру, жол белгілерін орнату жұмыстары атқарылып жатыр, – дейді Қаратал аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Талғат Уалиев.



Соңғы жылдары ауылдық жерлердегі инфрақұрылымға ерекше көңіл бөліне бастағанына, халық көтерген мәселенің оң шешілгеніне қатысты тұрғындар да пікір бөлісті.

– Сонау 1974 жылы Жылыбұлақ ауылынанан осы елді мекенде тұрамын. Биыл аудан оралығымен ауылды жалғайтын жолымызды жөндеп берді. Оған қоса алты көшесі бар ауылымыздың төрт көшесі жаңғыртылып, асфальт жабыны төселді. Бұған дейін жаңа мектеп салынып, балаларымыздың игілігіне берілген болатын. Оған қоса медициналық пункттің бітуіне де аз қалды. Ауылдық жерге көңіл бөлініп жатқанына халық риза, – деді Ортатөбе ауылының тұрғыны, ардагер Ораз Шеттібайұлы.

Жалпы 2024 жылы Жетісу облысында жолдарды салуға және жөндеуге 40,6 млрд. теңге бөлінді, облыстық маңызы бар жолдардың 38 шақырымына құрылыс пен қайта жаңғырту, 155,4 км - орташа жөндеу, 60,6 мың ш.м. ағымдағы жөндеу және 54 елді мекенде 157 км кентішілік жолдарды салу мен реконструкциялау жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Сол сияқты Балқаш көліне дейінгі 132 км жол келесі жылғы туристік маусымға дейін толық пайдалануға беріледі.

Бұдан бөлек облыс аумағында республикалық маңызы бар автожолдарды қайта жаңғыртуға бағытталған ірі жобалар іске асырылды. «Үшарал-Достық», «Талдықорған – Үшарал» автожолдарын қайта жаңарту аяқталуға жақын. Оған қоса «Сарыөзек – Көктал» және «Айдарлы-Көктал» автожолдарының учаскелерінде жөндеу жұмыстары жалғасуда.

**Жетісу облысы
әкімінің баспасөз қызметі.**

# БИЫЛ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА 4 ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАН ЖӨНДЕЛІП, 12 ЖАҢА НЫСАН ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ



***Биыл Жетісу облысының Ескелді ауданында 4 мектеп пен балабақшаға жөндеу жүргізілді, сондай-ақ денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларындағы 12 жаңа нысанды іске қосу жоспарлануда. Оның 5-і пайдалануға берілді, қалған 6-ын желтоқсан айының соңына дейін іске қосу көзделген. Бұл туралы бүгін облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Ескелді ауданының тұрғындарымен кездесуі барысында айтылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.***

М. Мәметова атындағы және Қоңыр ауылындағы орта мектептер мен М. Баисов ауылындағы балабақша күрделі жөндеуден өтті, ал Алдабергенов ауылындағы балабақшаға ағымдағы жөндеу жүргізілді. Қаблиса жырау атындағы және Қайнарлы ауылындағы орта мектептерге автобус пен «Газель» автокөлігі сатып алынды. Аудандағы 11 мектептің кітапханасы жаңартылды.

- Халықтың өтінішін ескере келе, Ешкіөлмес және Жаңалық ауылдарында 180 және 120 орынды екі жаңа мектеп құрылысының жобалық-сметалық құжаттары дайындалып жатыр. Мемлекеттік сараптама қорытындысы жыл соңына дейін шығады деп күтілуде. Ал Қарабұлақ ауылындағы орта мектеп пен Елтай ауылындағы С. Сейфуллин атындағы мектепке күрделі жөндеу жұмысының жобалық-сметалық құжаттамасы дайын, мемлекеттік сараптаманың қорытындысы алынды. Бюджетті нақтылау кезінде бұл екі жобаға да тиісті қаражат қарастырылады. Сонымен қатар аудандағы білім беру мекемелерін газдандыру жұмыстары жүргізілуде. Қарабұлақ ауылындағы Шестаков атындағы мектеп бюджет қаражаты есебінен, ал Сырымбет ауылындағы Жақыпбаев атындағы мектеп демеуші көмегімен газға қосылды, - деп атап өтті Б. Исабаев.

Денсаулық сақтау мәселесіне келсек, саланың инфрақұрылымын жақсарту мақсатында биыл Екпінді және Жаңалық ауылдарында 2 блокты-модульді медициналық пункт орнатылды, Тәуелсіздік күні қарсаңында Ақешкі ауылында да іске қосылады. Сол сияқты «Ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында ауданда 5 нысан салынады. Соның ішінде Шымырдағы дәрігерлік амбулатория мен М.Баисов ауылындағы фельдшерлік-акушерлік пункттің құрылысы осы айда аяқталса, осындай нысандар Жастар, Қайнарлы, Жалғызағаш ауылдарында келесі жылы салынады. Соның нәтижесінде денсаулық сақтау саласының инфрақұрылымы ауданның 8 ауылында жақсарады. Мәдениет саласы да назардан тыс қалмайды. «Ауыл-ел бесігі» жобасы аясында Қаратал ауылында 100 орынға арналған мәдениет үйінің құрылысы аяқталып, Қоңыр және Жалғызағаш ауылдарында блокты-модульді клуб қолданысқа берілді. Тағы бір клуб Ақын Сара ауылында келесі аптада іске қосылады.Спорт саласында Елтай, Шымыр, Жетісу ауылдарында 3 блокты-модульды спорттық кешенінің құрылысы жүргізілуде, Тәуелсіздік күні қарсаңында қолданысқа беріледі.

Жалпы, 2022-2024 жылдары ауданға инфрақұрылымдық, әлеуметтік нысандарды салуға, қайта жаңғыртуға және жобалау жұмыстарына облыстық бюджеттен 25,9 млрд. теңге бөлінген.

Фотограф: Жеңіс Ысқабай

**Жетісу облысы
әкімінің баспасөз қызметі.**

# ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА ШАҒЫН, ОРТА БИЗНЕСТЕ 7 МЫҢ АДАМ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ



***Жетісу облысының Ескелді ауданында 10 айдың қорытындысы бойынша жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 4 мыңға жуықтады, онда 7 мың адам жұмыспен қамтылған. Бұл жайында бүгін облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Ескелді ауданы тұрғындарымен кездесуі барысында белгілі болды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.***

Аудандағы бизнес субъектілерінен бюджетке 1,4 млрд. теңге салық жиналып, бұл көрсеткіш былтырғыдан 30%-ға артқан. Ал өткен 10 айда мұндағы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 7,6 млрд. теңгені құрады, жыл соңына 3% өсіммен 8,4 млрд. теңгеге дейін жеткізу жоспарланып отыр. Осы орайда салаы мемлекеттік қолдау аясында биыл ауданда 653 млн. теңгеге 16 жоба субсидияланып, 10 жобаға кепілдік берілді.

Жыл басынан ауданға 25,5 млрд. теңге инвестиция тартылды, бұл өткен жылдың сәйкес мерзімінен 1,8 есеге артық, тартылған инвестициялардың 20,4 млрд. теңгесі немесе 80%-ы бюджеттен тыс көздерге тиесілі. Биыл ауданда 10,3 млрд. теңгеге жоспарланған, 5 жобаның 3-еуі жүзеге асырылды.

- Қалған 2 жобаны жылдың аяғына дейін іске асыру көзделген. Олардың ішіндегі ірісі – құны 10,2 млрд. теңгені құрайтын Қора су электр станциясы. Сонымен қатар 2025-2027 жылдары Қора өзенінде қуаттылығы жылына 18,5 млн. кВт/сағ болатын тағы бір ГЭС құрылысы жоспарланып отыр, - деді Б. Исабаев.

Фотограф: Жеңіс Ысқабай

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі**

# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ 2025 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН ТОЛЫҚ ГАЗДАНДЫРЫЛАДЫ




***Жетісу облысының Ескелді ауданында соңғы екі жылда 39 мыңның астам тұрғынның көгілдір отынға қол жеткізуіне мүмкіндік жасалған, яғни газдандырылуға жататын 21 елді мекеннің 12-сіне газ құбыры тартылды. Бұл туралы бүгін Ескелді ауданының халқымен кездесуі кезінде облыс әкімі Бейбіт Исабаев айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.***

- Тағы 7 елді мекенде – Көкжазық, Теректі, Қаратал, Абай, Шымыр, Жастар, Ақтасты ауылдарында газ тарату желілерін салу жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде 5 елді мекеннің жұмыстары жылдың соңына дейін бітеді. Ал Көкжазық, Теректі ауылдарында келесі жылы аяқталады, - деді өңір басшысы Б. Исабаев.

Оған қоса Қайнарлы мен Жалғызағаш ауылдарына газ тарту үшін республикалық бюджетке өтінім ұсынылды. Соның нәтижесінде 2025 жылдың соңына дейін жалпы саны 48 мың адам тұратын 21 елді мекен газға толық қол жеткізіледі. Осылайша 2025 жылы Ескелді ауданы толық газдандырылады.

Фотограф: Жеңіс Ысқабай

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

# ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ӨТКЕН ОН АЙДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ӨСІМІ 110,6 % ҚҰРАДЫ

***Биылғы жылдың он айында Ескелді ауданының ауыл шаруашылығындағы өсімі 110,6%-ды құрады. Агроөнеркәсіп кешеніне 1,3 млрд. теңге инвестиция тартылды. Бұл туралы бүгін облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Ескелді ауданының тұрғындарымен кездесуі барысында айтылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.***



Биыл Ескелді ауданында ауыл шаруашылығы дақылдары жалпы көлемі 51,8 мың гектарға себілген. Қазіргі уақытта қант қызылшасын жинау жұмыстары аяқталуда, бүгінгі күні екі қант зауытына ауданнан 117 мың тонна қант қызылшасы тапсырылды. Масақты дәнді дақылдар толық жиналып, 59 мың тонна астық бастырылды, өнімділік гектарына 23 центнерді құрады.

- Ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру – бірінші кезекте заманауи агротехнологияларды пайдалануға, ауыспалы егістікті сақтауға, сонымен қатар минералды тыңайтқыштарды дұрыс пайдалануға байланысты. Сондай-ақ суармалы жерлердің өнімділігін арттыру және тиімді пайдалану үшін облыста су шаруашылығы объектілерін салуға, ирригациялық желілерді қалпына келтіруге ерекше назар аударылады. Атап айтқанда, Ескелді ауданында «Бәйбіше» және «Алмалы» каналдарын күрделі жөндеуге жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптамалардың қорытындысы алынды. Жөндеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде 530 гектардан астам жер суармалы сумен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар ауданның 8 фермасы 877 га жерде жаңбырлату әдісін қолданады. Бұл жұмысты одан әрі жалғастыру керек, - деп атап өтті облыс әкімі Б.Исабаев.

Сол сияқты өңір басшысы ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруге үлес қосып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған бірқатар озық шаруашылықтарды атап өтті. Олардың қатарында кешенді бағытта жұмыс істеп, диірмен жүргізу, ет өңдеу, макарон өнімдерін және мал азығын өндірумен айналысып жүрген «Хильниченко В», «Дюсенбинов А», «Нам Г», «Есімжанов М» шаруа қожалықтары бар.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі**

# ЖЕТІСУДЫҢ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА МАЛ САНЫ 13% ӨСТІ




***Жетісу облысының Ескелді ауданында осы жылдың он айында ірі қара, ұсақ мал, мен жылқы саны ұлғайды. Сонымен бірге ет, сүт өндірісі артып, мал бордақылау алаңдарының жүктемесі өткен жылғы көрсеткіштен 1,6 есеге өсті. Бұл туралы бүгін Ескелді ауданының тұрғындарымен кездесуі кезінде облыс әкімі Бейбіт Исабаев айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.***

***Атап айтқанда, ірі қара 41,2 мың басқа, ұсақ мал 145,7 мың басқа, жылқы 13,4 мыңға жеткен.***

***- Ауданда жобалық қуаты 2350 басқа арналған 9 тауарлы сүт фермасы, 1900 басқа арналған 4 мал бордақылау алаңы бар, олар бүгінгі күні 82%-ға жүктелген. Сол сияқты биыл ауданның ветеринариялық қызметін жақсартуға 341 млн. теңге бөлінді. Өткен жылы Бақтыбай, Жалғызағаш, Қоңыр ауылдарына модульді ветеринариялық пункттер, биыл Қайнарлы, Жетісу және Ақын Сара ауылдық округтерінде осындай пункттер қолданысқа берілді. Оған қоса соңғы екі жылда 4 арнайы автокөлік алынып, саланың материалдық-техникалық базасы жаңартылды, - деді аймақ басшысы Б. Исабаев.***



***Фотограф: Жеңіс Ысқабай***

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

# ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА БҰРХАНБҰЛАҚ САРҚЫРАМАСЫНА ДЕЙІНГІ ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ БАСТАЛАДЫ

***Жетісу облысының ең негізгі табиғи әрі туристік көрнекті жерлерінің бірі – Бұрханбұлақ сарқырамасына апаратын жолдың құрылысы келесі жылы басталады. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаев Ескелді ауданының тұрғындарымен кездесуде мәлімдеді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.***

***- Ескелді ауданы – туристік әлеуеті жоғары өңірлердің бірі. Осы жылдың 10 айында туристерді қабылдайтын нысандарда 41 мың адамға қызмет көрсетіліп, соның ішінде ақылы қызмет көрсету көлемі 25 млн. теңгеге жетті. Осы ретте Бұрқанбұлақ сарқырамасына апаратын 31 км автожолды жөндеу жұмыстары келесі жылы басталатынын атап өту керек. Бұл мақсатқа 2025 жылы республикалық бюджеттен 3 млрд. теңге қаражат бөлінеді. Сондықтан туризмді дамыту үшін инфрақұрылымды жақсартып, жаңа қонақ үйлер, демалыс базаларын салып, жолдарды жөндеу қажет. Интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілер арқылы көрікті жерлерді кеңінен насихаттап, экотуризм мен агротуризм бағыттарын дамыту керек, - деп атап өтті өңір басшысы Б. Исабаев.***

***Еске салсақ, Жетісудың туризм саласы 5 дестинацияның әлеуетін тірек етеді. Олар - Алакөл мен Балқаш көлдері, «Алтынемел» және «Жоңғар Алатауы» ұлттық парктері, Жоңғар Алатауының таулы алабы.***

***Фотограф: Жеңіс Ысқабай***



**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

# ЕРІНБЕГЕН ЕТІКШІ БОЛАДЫ

***«Ерінбеген етікші болады» деп халқымыз бекер айтпаған. Етікшілік – еріккеннің ермегі емес. Ол – аса шыдамдылықты, ыждағаттылықты талап ететін, екінің бірінің қолы бара бермейтін кәсіп түрі.***

Қазақ халқы аяқ киімді өте ертеден-ақ қажетіне қарай тігіп, пайдаланған. Етікшілік өнердің дамып-өркендеуіне байланысты шеберлер аяқ киім түрлерін олардың жасалған материалына, тұтынушысының жасы мен жынысына, әлеуметтік жағдайына байланысты түрлендіріп отырды. Аяқ киімнің өңделуі мен әшекейленуі жоғарыда аталған талаптарға байланысты қыстық, жаздық, ерлер мен әйелдерге, балаларға, жұмысқа, салтанатты іс-шараларға, карттарға, жастарға арналған түрлерге бөлінді.

Етікші мамандығы – көне кәсіптің бірі, оның тамыры жоғарғы палеолит дәуірінен бастау алады. Қолөнер тарихшылары осылай дейді. Қазір етікшілердің қызметіне көп жүгінбесек те, өткен ғасырларда бұл мамандыққа деген сұраныс өте жоғары болған. Десек те, ел арасында көне кәсіптің осы түрі мүлдем жоғалып кетті деп айта алмаймыз. Керісінше, оны табыс көзіне айналдырып, ұлттық нақыштағы етік түрлерін заманауи үлгімен ұштастырып, ұсынып отырған кәсіп иелері жетерлік. Солардың бірі – Ескелді ауданының тұрғыны Нағызхан Тілек.

Нағызхан Тілек – Қытай Халық Республикасы, Тарбағатай облысы, Толы ауданында 1986 жылы дүниеге келген.

«Нағызхан» жеке кәсіпкерлігі жұмысын осыдан 8 жыл бұрын бастаған. Олар тұрмыстық және арнайы қызметтік аяқ киім тігумен айналысады.

Қазіргідей қыстың қақаған суығында қадірі артатын бір киім болса, ол – аяқтағы етік. Аяқ киімнің жылы болмағы – денсаулықтың кепілі. Өйткені, суық алдымен аяқтан өтеді. Дәрігерлер адам аяғының температурасы төмендегенде денедегі жылу да күрт азайып, ағза небір ауруларды жұқтырғыш келетінін айтады. Аяққа суық тигенде қанның қызметі де баяулайды. Соның салдарынан қан құрамындағы инфекциямен күресетін иммундық жасушалар семеді екен. Сайып келгенде, сырқаттың көбі аяқтан болады. Сондықтан, қыста алдымен аяқты жылы ұстау керек. Бабаларымыз мұны бұрыннан білген. Сол себепті аяқ киімнің жылы да сапалы болуына қатты мән берген.

Біздің қазақ етікті ертеден-ақ қажетіне жаратып, оны тігудің небір тәсілін білген. Осыдан келіп ел арасында етікшілік өнер қарқын алды. Етікшілердің ісмерлігі сонша, тұтынушысына, материалына қарай небір түрін тіккен еді. Етікшіліктің қазақтың ежелгі кәсібі болғанын осыдан-ақ аңғаруға болады. Ол аз десеңіз, археологиялық қазбалар V ғасырда қазақ жерін мекендеген ескі жұрттардың былғарыдан, жүннен тігілген аяқ киімдерін тапты.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақ даласында етікшілік өнері өте қарқынды дамыды. Себебі осы кезде материалдардың сан түрі шығып, саптама етік, көн етік, былғары етік, жеңіл етік, құрым, шоңайма, кебіс, мәсі секілді аяқ киім түрі көбейді. Сөйтіп қазақ даласында етікшілік үлкен кәсіпке айналды.



Етік – былғарыдан тігілетін қонышты, өкшелі аяққиім түрі. Етіктің түр-түсіне, жасалған материалына, безендірілуіне, өрнектелуіне, маусымдық түрлеріне қарай қалыптасқан атаулары бар.

Тілек мырза етік бөліктеріне тоқталсаңыз?

Етік бөліктерден: етіктің басы – аяқтың башпайлары мен мойнын қауып ұстап тұратын бөлігі; қоныш – етіктің балтырды жауып тұратын бөлігі; белтір – етіктің басы мен қонышының арасы; керсен – етіктің желкесі; ойма – етіктің қонышы мен басы қосылатын үстіңгі беті; өкше – аяққиімнің артқы төменгі бөлігі; табан – жер басатын бөлігі; шажамай – басы мен табанының қиысқан аралығына салынатын көмкерме қиынды.

Бұл бөліктер қалыпқа кигізіліп, құрастырылып тігіледі; тұрқы – етіктің өкшесі мен тұмсығының арасы; бауырдақ – етіктің өкшесіне салатын темір; нәл – етіктің өкшесіне, тұмсығына қағылатын темір, осыған байланысты ел аузында «Ерді құдай сақтайды, етікті нәл сақтайды», – деген нақыл сөз бар. Пішпек – етіктің өкшесінің ішіне салатын көн; таға немесе тақа – өкшеге қағылатын доғалана иілген темір; үшкіл – етіктің сірісі; сіртақа – сір өкше (өкшеге қағылатын қатты былғары); тойнақ – металмен қапталған өкше; сыздық – етіктің тігістерінің арасына салынған таспа т.б.

Ұлтан мен ұлтарақ арасына қайыңның қабығы астар ретінде салынады.

Аяққиім табанына салынатын қалың әрі қатты былғары ұлтан деп аталады. Оның түрлері: жетім ұлтан – аяққиімге екінші рет қағылған ұлтан; жіпсе – ұлтанның астындағы екінші ұлтан, сыздық; бұру ұлтан – етіктің ішкі ұлтаны, бұл бүрме ұлтан деп те айтылады; ақмұрт – етіктің ішкі өзге түсті ұлтаны, ішкі табаны; шолақ ұлтан – етіктің қос ұлтаны, ішкі ұлтанды ішкілік деп те атайды; жұлық – ұлтан мен бастың ұштасқан тұсы. «Жұлық жамаған жарымайды» деген мақалға қарағанда оны тігу ақысы мардымсыз болғанға ұқсайды.

Ыста ұсталған, көн болып қатып қалған қасаң, шылғи теріні қазақ сірі дейді. Одан жасалған өкшенің ең ішкі астары – сір астар, өкшенің ішін қалыңдата қойған қалың көн – сіріөкше деп аталады. Етікшілер етік тіккенде өкшесі мыжылмасын деп оған қатты көннен немесе қайыңның тозынан (қабығынан) кепіл салады. Оны да сіріөкше деп атайды. Қазақта өте шыдамды, төзімді адам туралы айтылатын «жаны сірі» деген тұрақты тіркес осыдан қалыптасса керек.



Етіктердің тігілу түріне қарай жіктелуі қалай?

-Етіктер тігілу түріне қарай: басы мен қонышы тұтас келген бітеу бас етік, айнала жұлығын басқа былғарыдан келтірген құймалы етік, басы мен қонышын жаңа ұлтан салып, өкшесін түзеп жаңғыртып тіккен ұлтарған етік деп аталатын түрлерге жіктеледі. Етікті бітеубас етіп тігу тәсілінде етіктің бас пен қоныш бөлігі тұтас пішіліп, ұлтарылады.

Етіктердің материалына, пішіні мен әсемдігіне байланысты түрлері

-Етіктің тігілу материалына қарай: көн етік, сырма киіз, киіз етік, әміркен етік (әміркен деп XX ғасырда пайда болған америкаңдық технологиямен жасалған сырлы (лакталған) бағалы былғарыны айтқан), бұғы терісінен тігілген етік, былғары етік, қызыл түсті былғарыдан тігілген қызыл етік, аң, тай терісінен тігілген жарғақ мәсі, ешкі терісінен тігілген көзел етік (орыстың козел сөзінен), қонышы жібектен тігіліп, көгеріспен кестеленген жібек етік, жылқының сауыр терісінен жақсы өңделіп, иленген, өте сапалы былғарыдан тігілетін көксауыр етік деген түрлері бар.

-Етіктің жалпы сұлбасы, пошымына қарай: біз тұмсық етік, үшкір тұмсық етік, жекей табан, құмырсқа бел деген түрлері де бар.

-Етіктің әсемдеп сәнделуіне қарай: кестелі етік, сырма етік, жібек (кестелі) етік, өкшесі қоңыраушылармен әшекейленген – қоңыраулы етік, қонышына, тұмсығына қайыс немесе ызылған бау тағылған ақмұртты етік деген түрлері болған.

Етіктің бөліктерінің ерекшеліктеріне байланысты түрлері

-Етіктің табаны: түзу табан және қисық табан деп бөлінеді. Түзу және қисық табан деп аталу себебі – етіктің оң және сол жағы бірдей етіп пішілген, яғни, етік пішкенде оң аяқ қалыбы сол аяққа да қолданылады. Сондықтан етіктің сол аяқ сыңарының табаны қисық келеді. «Кигенім аяғыма жекей табан, жеке басып жүргенім бұл бір заман», – деп халық өлеңінде айтылатын жекей табан етіктер өкшелі, әдемі тігілген жеңіл етіктер қатарына саналады. Жаз мезгілінде, атқа мінгенде киетін табаны жұқа, жеңіл, ықшам әрі сәнді етіп тігілген ерекше етікті жекей етік деп атайды.

-Қостабан етіктің ерекшелігі өкшесі екі босағалы болады. Көнді өкшесінің шетін айналдыра немесе артқы жағына жапсырады, сір өкшесіне тіреме (кей жерде отырма) салады. Ер адамдарға арналған ондай етік берік болады.

-Дәстүрлі ортада тұтынылған етіктің қонышына қарай: жарма қоныш етік, шолақбас етік, саптама етік (қонышы тізеден асып, қара санға дейін жететін етік) жырым етік деген түрлері бар. Мұндай етіктерді еркектер қыс мезгілінде киген, тарамыспен көктеп, ағаш шегемен шегеленген үлкен саптама мен жарма қонышты етіктер бағалы аяқкиім қатарына жатады.

-Атқа мініп-түсуге қолайлылық тудыратын ат үстінде ұрыс салу кезінде аяғын үзеңгіге тірей түрегелгенде таяныш болып, аяқтың үзеңгіден өтіп кетпеуін қамтамасыз ететін сақтық шарасы ретінде үлкен міндет атқаратын етік өкшелері кейінгі кезде пайда болған. Етіктің өкшесіне қарай: мықшима етік, жуан өкше, қазық өкше, жез өкше, биік өкше, аласалау бес тақа етік және жайдақ етік, шоңқайма етік, аласа өкшелі қарапайым етік – жайтабан деген түрлері кең қолданысқа ие болған. Саптама етіктің мықшима деп аталатын түрінің өкшесінің түбі жуан, жер басары жіңішке, тұмсығы жоғары қарай қайқы, биік өкшелі болып келеді.

-Ерлерге арналған етіктің өкшесіне темір нәл, тұмсығына тасқағар орнатқан. Ер адамның аяғы мен тізе буынын суықтан сақтау үшін иленген көннен тігілетін, қонышы тізеден асатын, қыс маусымына арналған саптама етік ішіне киіз байпақ сиятындай қонышы кең, әрі биік болады. Жаз маусымында киетін, той, мерекеге арналған саптамаға көк сауыр тері жапсырып, ою бастырып әшекейлеп тігеді. Сал мен серілер және бозбалаларға арналған шажамайы мен ернеуі жақсы былғарымен астарланған етіктердің ұлтанына сықырлап жүрсін деп тоз және күкірт салады.

-Саптамаға ұқсас шоңқайма деп аталатын етіктің қонышы екі жағынан жармаланып, тізеден төмен, өкшесі биігірек әрі тайқы болып тігіледі. Сондықтан ол «жарма қоныш» деп те айтыла береді. Байпақпен, шұлғаумен киіледі. Қонышына түрлі өрнек кестеленген оюлы етік деп аталатын түрін әйелдер мен ауқатты адамдар киген.

-Етіктің биік өкше, жарма қоныш, тіремелі, көксауыр, саптама, жұмсақ табан, үшкіл тұмсық, шоңқайма деген түрлері бағалы аяқкиімге саналған. Етіктің қыз-келіншектер киетін биік өкшелі етік, өкшесі жезбен әшекейленген жез тойнақты (өкшелі) етік деген түрлері де бар

Қысқы етіктің қаншалықты дұрыс таңдалғаны адамның денсаулығына тікелей әсер етеді. Басқа жыл мезгілдеріне қарағанда қыста аяқ киім таңдауға аса мән берген жөн. Суық мерзімде етіктің сәнділігінен гөрі оның жылулығын, сапасын және қауіпсіздігін бірінші орынға қою керек. Ендеше, қысқы етік сатып аларда қандай ережелерді ескеру керек?

-Етіктің өлшемі

Етіктің өлшемін дұрыс таңдау маңызды. Себебі көп жағдайда етікті киіп көргенде ол аяғыңызға шақ сияқты көрінеді де, келесі күні киіп шықсаңыз, аяғыңызды қысады. Сондықтан етікті сатып алуға күннің екінші жартысында шыққан жөн. Аяқ кешке қарай сәл ісіне бастайды, сондықтан таңертең сатып алған етігіңіз кешкісін аяғыңызды қысады. Сондай-ақ етік пен үлкен башпайыңыздың арасында шамамен бас бармағыңыз сыятындай орын болғаны дұрыс. Мұндай аяқ киімде өзіңізді ыңғайлы сезінесіз. Жалпы, қысқы етік аларда дүкенге өзіңізбен бірге қалың шұлық алып шығыңыз. Есіңізде болсын, өте жіңішке және аяқты қысатын етік киюге болмайды. Ол табанды қысып, қан айналымды бұзады. Сондықтан мұндай аяқ киімде аяғыңыз тонады және артроз сияқты аурулардың дамуына ықпал етеді.

-Етіктің табаны

Егер етіктің табаны сырғанақ болса, бірден етікшіге барып, табанына сырғанамайтын материал жабыстырып алыңыз. Себебі етігіңіз сырғанап, жай болса да, ыңғайсыз құласаңыз, ол денсаулығыңызға қауіп төндіруі мүмкін. Сондай-ақ етіктің табанының қалыңдығы 1 см-ден жұқа болмауы керек. Қысқы етіктен аяққа суық немесе ылғал өтпес үшін оның табанының қалың болғаны дұрыс. Етікке ұлтарақ таңдағанда оның жұмсақ болуын қадағалаңыз. Қатты ұлтарақ аяққа сүйелдер шығуына себеп болады.

-Етіктің өкшесі

Негізі өкшесі биік аяқ киімді қыс түгіл жазда да киюге болмайды. Аса қажет болғанда, оны күніне 3-4 сағат қана кию керек. Жай табан етікті де кию ұсынылмайды. Себебі ол табанды өзгеріске ұшыратады: ешқандай өкшесі жоқ аяқ киім киіп тұрған әйелдің бүкіл салмағы тек табанына түседі. Қысқа арналған етіктің өкшесі 3-4 немесе 4-5 сантиметр болғаны жөн.

-Етіктің қонышы

Қысқы етік ең болмағанда табан буынын жауып тұру керек. Ал балтырды жабатын болса, одан да жақсы болады. Шалбарға қарағанда белдемше не көйлек жиі киетін әйелдерге ботфорт секілді етік алуға болады. Себебі ол тізе буынын да суықтан қорғап тұрады.

Етіктің материалы

-Етік өз иесіне ұзақ қызмет ету үшін және аяқты терлетпей жылулықта ұстау үшін оның материалы табиғи болуы керек. Қазір өндірушілер тері алмастырғыштарды жиі қолданатынын білеміз.

Етікшінің еңбегін расымен де бағалауға тұрарлық. Себебі аяқ киім жөндеу шеберханасына бір кіріп шыққанның өзінде аяқ киім мен жапсыр-мадан шығатын жағымсыз иіс адамға жайсыздық туғызады емес пе?! Соған қарамастан осы кәсіппен нәпақасын та¬уып, тұтынушының көңілінен шығып отырған етікшінің еңбегін қалай бағаламасқа? Ісмер азамат Нағызхан Тілек әрдайым шеберханаға келген жандарды жылы шыраймен қарсы алып, көңілін табуға тырысады. Тұтынушылар да ризашылығын білдіріп, батасын беріп жататын кез де болады.

– Кедей болғың келсе адал бол деп жатады ғой. Менің өмірлік ұстанымым да сол. Кез келген істе адалдық керек. Адал іспен еткен еңбектің наны да тәтті болады емес пе? – дейді ісмер азамат. Иә, осы бір ғана кәсіппен отбасын асырап отырған азаматтың адал еңбегі көпке үлгі боларлық жәйт.

Қазіргі базардағы аяқ киімдердің табанына картон салынған, материалы да жасанды тері. Картон ылғалға төзімсіз келеді. Адамның аяғын терлетіп, суыққа шалдықтырады. Ал біз таза былғарыдан саламыз, аяқ киімнің ішіне қой терісін пайдаланамыз. Ол – жылы әрі табиғи таза өнім. Сондықтан адам ағзасына да пайдасы мол. Жалпы аурудың бәрі аяқтан басталады. «Денің сау болсын десең, аяғыңды жылы ұста, әдемі көрінгің келсе, басыңды жылы ұста» деген сөз бар. Шынында солай, аяқты жылы ұстаудың маңызы зор. Ол үшін киіп жүрген аяқ киімімізге, оның сапасына аса мән беруіміз керек, – дейді етікші.

**Дара Дана**



# АЙША БИБІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КЕСЕНЕСІ

XI–XII ғасырлармен мерзімделетін Айша бибі кесенесі – сәулет өнерінің үздік нұсқасы. Ескерткіш Тараз қаласынан 18 шақырым жердегі Жамбыл ауданының Айша бибі ауылында орналасқан. Біздің ғажап өлкемізге аяқ басқан әрбір адам мұсылман әлемі құрмет тұтатын, «әулие орын» деп аталған ортағасырлық сәулет өнерінің ескерткіші Айша бибі кесенесіне ат басын бұрмай өтпейді.

Орталық Азия мен Қазақстандағы өн бойы оюөрнектермен көмкерілген жалғыз ескерткіш. Ескерткіш Ахмет Яссауидің шәкірті әрі ақын, әрі әйгілі ғалым Хакім Сүлеймен Бақырғани мен Әнуар бегімнің қызы Айша бибінің мәңгілік жер бесігінің үстіне тұрғызылған. Кесенені Қарахан өзінің сүйіктісі Айша бибіге арнап салдырғаны бізге мәлім. Кесенені тұрғызған шеберлердің қайталанбас өнер туындысы саналатын ескерткіштің салыну тарихы және оны салған тұлғалар туралы ресми мәліметтер жоқ, тек ел аузында көптеген аңызәңгімелер қалған. Әр аңыз өзінше ерекшеленеді. Бірақ бәріне ортақ кейіпкер көркіне көз тоймайтын көркем Айша туралы. Ендеше Айшаның кім болғандығы жайлы аңыз әңгімелер мен ресми деректерге тоқтала өтсек.

Айша бибі – орта ғасырда өмір сүрген ару қыз. Аңыз бойынша, Айша бибі бірде Ысмайыл атаның туған қызы, кейде қытай билеушісінің қызы, Әмір Темір әйелінің сіңлісі ретінде көрсетіледі. Келесі бір аңызда төрт түліктің бірі – сиыр малының атасы – Зеңгі бабаның, яғни Айқожаның қызы делінеді. Айқожа – Хакім ата Сүлейменнің шәкірті. Хакім ата Сүлеймен өлгенде Айқожа оның жұбайы Әнбарға үйленеді, одан Айша бибі туады. [Пәкістан, Өзбекстан архивінде, Ә. Диваев, Ә. Марғұлан жазбаларында кейбір деректер бар]. Ш. Уәлихановтың жазуынша Әнбар бибі мен Сүлейменнен Айша, Ерхуббу, ал Зеңгі атаға тиген соң, Әлиасқар туады [III-том, 50–51 бет, 1985 ж.]. Зеңгі ата мен Әнбар бибі мазарлары Ташкент облысының Зеңгі ата ауданының сол аттас орталығында орналасқан [1]. [Автор Тараз Жамбыл болысы энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2003].

Ару жайлы ақиқаттар (Тегі, заманы туралы толғаныс): Атақты археолог А. Н. Бернштамның өткен жүзжылдықтың 30–40 жылдардағы зерттеулері негізінде бұл көне ғимараттар XI–XII ғасырларда салынған деп жазылған. Археологтар мұнда ескерткіштердің салынған жылын дәл атап көрсетпесе де құрылыс ерекшеліктеріне байланысты жалпы мерзімін негізінен дұрыс топшылайды. Әйтсе де ежелгі тарихымызды зерделегісі келген әрбір адам бұл ғимараттар кімдерге, қашан салынғанын, оларды кімдер салғанын білгісі келетіндігі табиғи нәрсе.

Ең бастысы Ташкент мұрағатындағы «Туркестанские ведомости» газетінің 1900 жылғы № 97 және 1904 жылғы № 37 сандарында Әбубәкір Диваев Айша бибінің әкесі Сүлеймен Бақырғани, яғни Хаким ата және асырап алған әкесі Зеңгі бабаның тегі туралы деректер жариялапты. Сондай-ақ Ташкент түбінде Зеңгі бабаның мазары, Айша бибінің анасы Әнбар бибінің және әжесі Ұлықпатшаның басына тұрғызылған қабірлер жақсы сақталған. «Зеңгі» арабшадан аударғанда қара түсті, еуропалықтар мен американдықтар айтатындай негр деген мағынаны білдіреді. Оның өзінің азан шақырып қойған аты – Айқожа. Әкесінің аты – Тәжіқожа... Зеңгі бабаның алтыншы атасы атақты Қожа Ахмет Яссауи сопының ұстазы Арыстан баб екен. Өзбекстандық зерттеушілер бұл шежірені Пәкістандағы Лахор қаласынан алыпты. Өзбекстанның көп томдық энциклопедиясының 4-томында Зеңгі атаның өлген жылы 1258 жыл екендігі анық жазылған. Бірақ туған жылы белгісіз.



Зеңгі бабаның зәулім биік мазары Ташкент қаласынан 25–30 километрдей жерде оңтүстікке, Самарқанға қарай апаратын жол бойында. Бұл атырап қазір Зеңгі ата ауданы деп аталады. Қазақтар сиыршылардың пірі Зеңгі «баба» десе, өзбек ағайындар «ата» дейді, мұның өзі оның жас шамасы кемінде сексеннен асқанау деп болжауға мүмкіндік береді. Өзбекстан энциклопедиясында сол сияқты Зеңгі атаның басына көтерілген күмбездің әр қырынан түсірілген суреттері, оюлы кірпіштерінің кескіндері берілген. Қазақ Совет Энциклопедиясында Зеңгі баба туралы дәл деректер жоқ. Есесіне ұлы Шоқан Уалиханов 1858 жылы қазанның 25 күні «Қашқар күнделігінде: В Ташкенте могила Зенги ата... Анбар ана – жена Зенги, вдова учителя Зенги Хаким-ата, Эрхуббу, сын ее от первого брака, Али Аскар – от второго. Анбар-ана носила обед, когда муж пас коров...» деп жазыпты [Собрание сочинений, 3-т., 50–51 б., 1985].

Қазақтардың да, өзбектердің де арасында Әнбар бибінің алғашқы жұбайы Сүлеймен Бақырғани сопы қайтыс болған соң оның шәкірті әрі жақын туысы да болуы керек Айқожа шейхқа Әнбар бибінің қалай ерге шыққаны туралы да аңыз бар.

Солардың бірі Аякөз қаласындағы Ғабдылахмет қожа Шекеров. Бұл кісі Аякөз өзені жағасында қазақтарға қарсы жоңғарлар тұңғыш рет 1718 жылы зеңбіректер қолданып, ата-бабаларымыз қирай жеңіліп, еңіреуіне байланысты Еңірекей атанған таудың етегінде 1916 жылы өмірге келген.

Ғұлама қожа тұқымы болғаны үшін большевиктерден қуғынсүргін көргендіктен отызыншы жылдары Қытай асып, 1956 жылы ғана туған жеріне оралған. Өзінің оқыған-тоқығанын бір қалың кітап етіп шығарыпты. Сол кітаптың бірі – Тараз қаласында тұратын қызында сақтаулы. Кезінде облысымыздың орталығындағы мәдени-ағарту училищесінде кітапхана ісінен дәріс берген жоғары білімді осы маманның қолындағы кітапта Айшаның анасы бір, әкесі бөлек, ағасы не інісі Ғабдімәлік туралы жазылған. Алайда, одан тұқым қалған-қалмағандығы белгісіз. Ғабдылахмет қожа Шекеров айтуынша: Сүлеймен Бақырғани – Қожа Ахмет Яссауи сопының атақты шәкірттерінің бірі. Ол Өзбекстандағы Бақырғани қыстағында туғандықтан Бақырғани, яғни бақырғанидық деп аталып кеткен. Сүлеймен Қожа Ахмет Яссауидің өте тапқыр да , білімді шәкірттерінің бірі болғандықтан оған ерекше ықыласпен қараған. Сүлеймен Бақырғанидың «Ақыр заман» кітабы, Иса пайғамбардың анасы туралы «Бибі Мариям» дастаны көне түркі шағатай тілінде 1848, 1898 жылдары Қазан қаласында жарияланған екен. Өзбек тілінде бұл кітап 1991 жылы Ташкент қаласында жарық көріпті. Сүлеймен Бақырғанидың өмірі туралы деректерден оның туған жылы беймағлұм болғанымен, опат болған жылы 1186 екендігін білуге болады. Олай болса, Сүлеймен сопы мен Әнбар бибінің артында қалған қызы Айша ең бері дегенде 1185 жылы өмірге келген болып шығады. Сүлеймен өмірден өтер алдында үйіне кіріп-шығып жүрген Зеңгі бабаға қарап, жұбайы Әнбар бибіге қарап күліпті деседі аңыз. Сонда Әнбар бибі: «Сопы, жылағанды сұрама, күлгенді сұра» депті жұбайына. Сонда көріпкелдігі де бар Сүлеймен: «Мен өлген соң сені осы шәкіртім айттырады. Түсі қара деп тимей жүрме, сенің қадіріңді біледі», - деп уағыз өсиетін айтып, көзін мәңгілікке жұмады. Жесір қалған уыздай аппақ сұлу жесір келіншек уақыт өте келе өзін қайта-қайта айттырған Зеңгі Айқожа шейхқа тұрмысқа шығып, одан жалғыз ұл тапқан екен.

Жоғарыда аталғандай, Ш. Уәлихановтың дерегінде Айшаның ағасы Ерхұббу, інісі Әлиасқар. Анасынан үшеу, туған әкеден екеу, Айшаның тұрмысқа шыққандығы оның «бибі» деген қосымша атауынан анық байқалады. Түркі халқында хан әйелін ертеректе «қатын», кейініректе «ханым», қызын «ханша», би мен бай әйелін «бәйбіше», қызын «бикеш», «бике» десе, қожа қыздары ерге шыққанда оларды тек «бибі» деп атағандығы белгілі. «Айша» деген сөздің мағынасы арабшадан аударғанда «өмірге құштар, іңкәр» деген мағынаны білдіреді. Айша 1185 жылы өмірге келген болса, ол бойжеткен кезде Тараз қаласын билеген Қарахан әулетінің кезекті өкілі түркіше лақабы – Арыстан, мұсылманша Мұхаммед аталған хан еді. Бұл Қарахан Мұхаммед 1212 жылы Тараз қаласынан қуылып, Қашқарды паналағанда сол жерде бақталастарының қолынан қаза тапқанын академик В. В. Бартольд жазған болатын. Қарахан Мұхаммедті Тараздан әуелі қуалаған қара қытай гурханы Чулуку мен найман ханы Күшлік болса, кейін біржолата бездіріп жіберген Хоремшах Мұхаммед еді.

Айша бибі Қарахан Мұхаммедке ол қаза табардан әлдеқайда бұрын тұрмысқа шыққаны күмән туғызбайды. Өйткені, Айша бибі ескерткішін Мұхаммед тұрғызды деп батыл айтуға болатын бір жәйт бар. Қазақстанның сәулетші зерттеушілері В. Қадырбаевтың, Н. Бәсеновтың және басқалардың мәлеметтеріне қарағанда, күмбездің маңдайшасында мазарды тұрғызған Мұхаммед деген сөздер бертінге дейін сақталған.

Өзінің асырап алған әкесі Зеңгі бабаның сиыршы – падашылар пірі болғаны, Айшаның махаббат пірі, ғашықтардың пірі саналатындығы тегін емес. «Айша қатын» деген атау ұлы тарихшымыз Дулат Мұхаммед Хайдар мырзаның «Тарих-и-Рашиди» кітабында да кездеседі. Қазіргі Аса өзені бұдан бес ғасыр бұрын Айша қатын аталса керек. «Қатын» демекші, бұл сөз, кейбіреулер жазып жүргеніндей, ешқандай парсы сөзі емес, көне түркі атауы. XI ғасырда өмір сүрген қашқарлық ғұлама Махмуд бабамыз өзінің түркі сөздігінде «қатын» деген атау Алып Ер Тоңаның қыздарына байланысты айтылғандығын жазады. Айша бибінің тегі, туған, өлген жылдары, заман туралы осындай мәліметтерді ортаға сала отырып, оның мазары басындағы XI–XII ғасыр деген болжам мезгілді XII ғасырдың соңы – XIII ғасырдың басы деп дәлірек жазсақ деген ұсыныс өзінен-өзі туындайды [Әбілдаұлы Б. Талас. Айша бибі. Қарахан. Көмекші қу құралы. – Алматы: «Санат», 2002, –93–104 бб. // «Егемен Қазақстан», 29 мамыр, 2002 жыл].

Айша бибі өмір сүрген дәуір Қарахан әулетінің, оларға бағынышты ата-бабаларымыздың әуелі қара қытайларға, одан кейін хорезмшах Мұхаммедке, артынша әуелі христиан дінінде болғанмен көп ұзамай қарақытай гурханның қызына үйленген соң будда дініне көшкен найман Күшлік ханға қарсы күрескен заманына тұтас келеді.

Енді Қарахан атауына тоқталған жөн болар. Көп жұрт Қараханды билеушінің аты деп ұғады. Бұл мүлдем қате түсінік. Қарахан лауазымы көне түркі заманында ұлы хан деген мағынада қолданылған. Мәселен, «қара халық» деген сөз «көп халық», «ұлы халық» деген мағынаны білдіреді. Ал сол ұлы ханға бағынатын хандарды «илек хандар» деп атаған. Қарахан әулиетін «қараханидтер» деген атауды көне грек дәстүріне сәйкес орыстың шығыстанушысы, Шоқан Уәлиханов шығармашылығын алғашқы зерттеушілердің бірі В. Григорьев ғылыми айналымға енгізген болатын.

Осы орайда Тараз қаласының қақ ортасындағы сазардағы «Әулие ата танған Қарахан кім?» деген сауал өзінен-өзі туындайтындығы сөзсіз. Ғалымдар бұл мәселеге де жауап беріп отыр. Австрия ғалымы О. Прицак, О. Восфордтың «Мусульманские династии» деген кітабында 1059 жылға Таразды билеген Қарахан Ша-махмуд (Шах-Махмуд) екендігін нумизматикалық деректер арқылы дәлелдеп көрсетсе, академик В. В. Бартольд сол Ша-Махмудтың қара қытайларға қарсы талай қырғын соғыстарға қол бастап, талай жеңістерге жеткенін, бірде Талас өзенімен тоғытылатын қойдай ағып бара жатқан жау өліктерін көріп, жиреніп, алтын тағын мүлдем тастағанын, сопылық жолға түсіп, жер астынан қылует үй қазып алып өле-өлгенше Аллаға жалбарынып өткенін, сондықтан Әулиеата атанғанын жазған еді. Академик Әлкей Марғұлан да «Шоқан және Манас» деген кітабында әулие атанған Қарахан туралы жазады» (А., 1971, 65, 83 б.).

Айша бибі – қазақ халқының, әлбетте, түркі халқының екі жарым мың жылдан да ары тарихына терең бойлайтын Қарахан әулиетінің бір ұрпағына ерге шыққан қасиетті анамыз.

Екі ғашықтың іңкәр сезімдерінен туындағын махаббаттары жайлы аңыздардың 28 түрлі нұсқасы ел аузында сақталған. Жаңғара Дәдебаев«Талас аңыздары» кітабында бірнеше нұсқаларын келтірген болатын.

Енді кесене құрылысы мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына тоқтала кетсек, Кесене құрылысын 1897 ж. В. А. Каллаур, 1938–1939 жж. А. Н. Бернштам бастаған КСРО ҒА Қазақ филиалының тарих және материалдық мәдениет экспедициясы, 1953 жылы Қазақстан ҒА-ның экспедициясы зерттеген. Кесенені салған сәулетші туралы нақты дерек жоқ [Тараз Жамбыл облысы энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2003].

Мазар сырты ерекше қапталған, оны тек Бұхарадағы Исмаил Самани мазарымен ғана салыстыруға болады. Айша бибі кесенесі 62 түрлі терракот қыш тақталармен көмкеріліп, әр қилы үйлесім мен нұсқалардан тұратын, түрлі өсімдік гүлдері мен геометриялық түрлер сарынындағы өрнектерге бай Орта Азия мен Қазақстандағы ою-өрнекпен әдіптелген жалғыз ескерткіш. Айша бибі кесенесі – өз алдына бір музей сияқты. Сондықтан, Айша бибі кесенесі қазақ халқының ежелгі ою өрнегін сақтаған мұражай іспетті. Қошқармүйіз, жапырақ, қыңырмүйіз, қазмойын, бітпес, жауқазын, құсқанат,төртқұлақ. Композициялық ою-өрнектің барлық түрін осы кесенеден көруімізге болады. Кесене қазақ халқының ежелгі ою өрнегін сақтаған мұражай іспетті. Қошқармүйіз, жапырақ, қыңырмүйіз, қазмойын, бітпес, жауқазын, құсқанат,төртқұлақ. Композициялық ою-өрнектің барлық түрін осы кесенеден көруімізге болады. Айша биби кесенесіне қолданылған барлық декоративті тәсілдер оның салынған уақыты XI ғасыр және XII ғасырдың бас кезінен кеш емес екендігін көрсетеді, ал кейбір әдебиеттерде бұл кесененің салынуын XII–XIII ғасырларға жатқызып жүр. Айша бибі кесенесінен қалған кірпіштерді тексеріп зерттеудің нәтижелері көрсеткендей, бұл ескерткіш тек сәулетшінің тапқыр констриктив тәсіл қолдануының арқасында ғана сақталған [Марғұлан Ә., Бәсенов Т. К., Меңдіғұлов М.VII–XII ғасырлардағы Қазақстан архитектурасы. – Алматы, 1959, 113–115 бб.]. Өкінішке орай, кесене бізге күмбезсіз, қираған күйде жетті, тек қасбеті ғана жақсы сақталған. Кесененің қасбеті толығымен өсімдік және геометриялық ою-өрнектері бар оюланған терракоталық плиткалармен безендірілген [Денике Б. П. Архитектурный орнамент Средней Азии // Издательство всесоюзной академии архитектуры. – Москва, 1939].

Ескерткішті қалаған кірпіштердің әртүрлілігінің өзі таң қалдырады. Сегіз сәулелі жұлдыз орта ғасырлардағы ғылымның тілі болған араб тілінде бұл таңба «руб әлхизб» ислам символы немесе «Оғызханның жұлдызы» деп аталады. Араб тілінен аударғанда хизбаның төрттен бір бөлігі деген мағынаны білдіреді ( бұл бөлу жүйесінің негізгі мақсаты: Құранды оқуды жеңілдету.) Арабта 8 саны «^» былай жазылады. Көне заман адамдары сегіз санын сенімділіктің, өркендеу, шыңдалудың шыңы деп есептеген. Сегіз санының құпиясы әлемдегі мәңгілік үздіксіз қозғалысты білдіреді. Қарахан мемлекеті тұсында сопылық ілім айрықша дами түсіп, жарық дүниеден баз кешкен сопы дәруіштер көбейіп, діни мешіттер көптеп салынуының әсерінен осындай белгілерге көп көңіл бөлінді. Жәннаттың 8 қақпасы (қызыл жақұт, күміс, зумруд, лағыл, гауһар, нұр, зүбаржат, алтын). Қазіргі кезде сегіз сәулелі жұлдыз өткеннің ескерткіші ғана емес, күнделікті тұрмыс-тіршілігіміздің ажарын ашатын рухани құндылық ретінде тарихи өлкеміздің логотипіне айналып үлгерді. 1979 жылы сақталған кесене қабырғаларын жауын шашыннан қорғау мақсатында әйнекті жабумен жабылды. Қаншама жылдар бойы археологтар, сәулетшілер, жаңғыртушы-реставраторлар кесенені қайта жаңғырту туралы пікірталас жүргізді. 2002–2005 жылдар аралығында «Қазқайтажаңарту» мекемесінің Түркістан филиалы мамандары жөндеу жұмыстарын жүргізді. Кесене 2005 жылдың көктем айында алғашқы қайталанбас көз қуантарлық ғажап келбетіне енді. Қазіргі таңда кесене 2017 жылы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша Қазақстанның жалпы ұлттық қасиетті нысандар тізіміне енген.

Ұлжалғас ШАИЗХАН,
«Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттіктарихи-мәдени музей-қорығы Ғылыми қызмет және ескерткіштерді қорғау бөлімінің басшысы

# ӘРБІР ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЗАҢ КӨМЕГІНЕ ЖҮГІНЕ АЛАДЫ

***Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына білікті заң көмегін тегін алуға кепілдік беріледі.***

Тегін заң көмегін алудың екі тәсілі бар: мемлекет тарапынан кепілдік берілген және кешенді әлеуметтік заң көмегі.

Мемлекет тарапынан кепілдік берілген және кешенді әлеуметтік көмектің басты айырашылығы- біріншi жағдайда адвокаттың жұмысы мемлекеттік бюджет есебінен төленеді, ал екіншісінде заңгерлер өз еркімен және ақысыз заңгерлік қызмет көрсетеді.

Тегін заң көмегін көрсетуге уақыт шектеулері белгіленбейді. Бұл ретте, сол мәселе бойынша азамат мемлекет кепілдік берген заң көмегін бір рет қана ала алады.

1. Мемлекет кепілдік берген заң көмегі құқықтық ақпараттандыру мен кеңес беру, сондай-ақ соттарда тұрғындардың мүдделерін қорғау мен ұсыну қызметтерін қамтиды.

Құқықтық ақпарат беру дегеніміз - заңнаманың кез-келген мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың ауызша немесе жазбаша түрде ақпарат беруі.

Ол барлық жеке және заңды тұлғаларға беріледі.

Кеңес беру азаматтардың өтініштеріне, шағымдарына ауызша және жазбаша кеңес беру қызметін қамтиды.

Бұл орайда құқықтық кеңес беру азаматтардың келесі санаттарына көрсетіледі:

- алимент, зейнетақы, жәрдемақы, оңалту, босқын немесе қандас мәртебесі мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;

- сексуалдық зорлық-зомбылық, адам саудасы, лаңкестік және өз құқықтарын қорғауда азап тартқан құрбандарға;

- асыраушысынан айырылған адамдарға;

- еңбек қызметіне байланысты денсаулығына зақым келуі немесе қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бар адамдарға;

- соғыс ардагерлеріне, әскери қызметкерлерге, мүгедектерге және зейнеткер жасына байланысты, кәсіпкерлік қызметпен байланысы жоқ мәселелер бойынша;

- көп балалы отбасыларға;

- кәсіпкерлік қызметпен байланысы жоқ табысы төмен адамдарға.

Сотта өкілдік ету - соттарда, құқық қорғау органдарында, өзге де мемлекеттік мекемелерде және мемлекеттік емес ұйымдарда азаматтардың мүдделерін қорғау. Бұл ретте талапкерлер де, жауапкерлер де заңгер қызметтеріне ақы төлеуден босатылады.

Сотта азаматтардың мүдделерін қорғау әкімшілік жауапқа тартылатын адамдарға; азаматтық іс бойынша талапкерлер мен жауапкерлерге, сондай-ақ әкімшілік іс бойынша талапкерлерге; қылмыстық іс бойынша күдіктілерге, айыпталушыларға, сотталушыларға, сотталғандарға, ақталғандарға және Жәбірленушілерге көрсетіледі.

2. Азаматтарға тегін көмек көрсетудің екінші түрі – кешенді әлеуметтік құқықтық көмек. Ол клиент өтініш берген сәттен басталып, ісі бойынша түпкілікті шешімге дейін қолдау көрсетіліп, жазбаша шарт жасалады.

Алайда, мұндағы басты ерекшелік: азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде кәсіпкерлікке байланысты даулы жағдайлар бойынша кешенді әлеуметтік көмек көрсетілмейді.

Кешенді әлеуметтік көмек алушылар бірнеше топқа бөлінеді:

- Ұлы Отан соғысының және басқа да мемлекеттердің аумағында болған соғыс ардагерлері;

- зейнеткерлер, оның ішінде қарттар үйінде тұратындар;

- қандастар, босқындар және табысы төмен шетелдіктерді қоса алғанда аталы әлеуметтік көмек алатын адамдар;

- I және II топтағы мүгедектер;

- мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар немесе мүгедектігі бар кәмелетке толған адамдардың қамқоршылары;

- арнайы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж адамдар (мысалы, зорлық-зомбылықтан зардап шеккен жетімдер, үйсіз адамдар).

Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ұқсас – әлеуметтік заң көмегі азаматтардың құқықтарын қорғау үшін құқықтық ақпараттандыруды, кеңес беру және басқа да қызметтерді қамтиды.

Әлеуметтік заң көмегін алу үшін тұрғындар адвокаттар алқасына, тұрғылықты жері бойынша заң кеңесшілері палатасына жүгіне алады. Мұнда азаматтар жеке куәлігі мен тегін көмек алу құқығын растайтын құжаттарды ұсыну қажет.

3. Азаматтар үшін маңызды құрал «Е-Заң көмегі» интернет-порталы болып табылады, бұл заң кеңесіне жүгінуге мүмкіндігі жоқ тұрғындарға қатысты. «Е-Заң көмегі» Қазақстанның барлық тұрғындары үшін тегін негізде құқықтық мәселелер бойынша алғашқы заң көмегін (кеңес беру) беру құралы.

Бұл интернет-порталдың артықшылығы оның қолжетімділігі, пайдаланудың қарапайымдылығы, кеңес алу үшін мамандандырылған заңгерді таңдау мүмкіндігі, отбасы құқығы мен тұтынушылардың құқықтарын қорғауға қатысты көптеген мәселелер бойынша көмек алу қызметі болып табылады.Заң көмегін алу үшін қалаға барудың немесе адвокат іздеудің қажеті жоқ, тек қана интернеттің болуы жеткілікті. «Е-Заң көмегін» интернетпен жұмыс істеудің негізгі дағдыларын білетін әр азамат пайдалана алады. Бұл үшін ұялы телефонға жүктелетін қосымшаны пайдалану жеткілікті.

Тегін заң көмегін алудың тағы бір жолы – интернет болмаған кезде телефон арқылы кеңес алу. Бұл көмекті сенім телефоны арқылы алуға болады: 1414 немесе 119. Бұл құқықтық ақпараттық қызмет бүкіл Қазақстан бойынша тегін және тәулік бойы жұмыс істейді, онда операторлар мамандандырылған заңгерлермен байланысады, сұрақтарға жауап береді және ұсыныс-кеңес береді. Кейбір жағдайларда операторлар жергілікті мәселелерді шешуге көмектесетін мамандарға бағыттайды.

Республика тұрғындарының құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «Әділет кеңес береді», «Ашық есік күні», «Халық заңгері» науқандары өткізіледі. Аталған іс-шараларда мемлекеттік органдардың өкілдері, заңгерлер, адвокаттар азаматтарды қабылдайды және тегін заң көмегін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес әрбір азамат білікті заң көмегін алуға құқылы. Азаматтарға тегін заң көмегін көрсету тұрғындар үшін өз құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында маңызды ресурс болып табылады. Азаматтардың өз құқықтары мен қол жетімді мүмкіндіктерін білу – кез-келген заңды мәселелерді шешудің алғашқы қадамы.

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Құқық түсіндіру және үйлестіру департаменті**

# ЖОБА

***Ескелді ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі мен схемаларын бекіту туралы***

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының Автомобиль көлігі туралы» Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» № 349 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11550 болып тіркелген) сәйкес, Ескелді ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ескелді ауданының шалғай елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау тәртібі осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.2. Ескелді ауданының шалғай елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау схемалары осы қаулының 2-9-қосымшаларына сәйкес бекітілсін.3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ескелді ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Лауазымы Аты-жөні**

# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ШАЛҒАЙДАҒЫ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕ ТҰРАТЫН БАЛАЛАРДЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРГЕ ТАСЫМАЛДАУДЫҢ ТӘРТІБІ

**1.Жалпы ережелер**

1. Ескелді ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» № 349 бұйрығына (бұдан әрі - Қағида) сәйкес әзірленген.

2.Балаларды тасымалдау тәртібі

2. Балаларды тасымалдау Қағиданың талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

3. Балаларды тасымалдау үшін бөлінген автобустардың техникалық жай-күйі, техникалық қызмет көрсету өткізудің көлемдері мен мерзімдері, жабдықтары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға жауап беруі тиіс.

4. Автобуспен тасымалданатын балалар мен ересектердің жалпы саны осы көлік құралы үшін белгіленген және отыру үшін жабдықталған орындардың санынан аспайды.

5. Балаларды тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге тапсырыс беруші (бұдан әрі тапсырыс беруші) балаларды арнайы тасымалдауды ұйымдастыруға жауапты заңды немесе жеке тұлғалар болуы мүмкін.

6. Тапсырыс беруші сондай-ақ оларға ұқсас қызмет көрсету мүмкіндігі ұсынылған жағдайда тасымалдаушының функцияларын дербес орындайды.

Бұл жағдайда тапсырыс беруші Қағиданың тасымалдаушыларға қатысты талаптарын орындайды.

7. Автобустармен балаларды тасымалдауды балаларды тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге тапсырыс берушінің жазбаша өтінімдері негізінде тасымалдаушылар жүзеге асырады.

8. Өтінімде балаларды тасымалдау күні (күндері), уақыты, олардың саны мен жасы, жол жүру маршруты (бастапқы, соңғы және аралық пункттер), отырғызу және түсіру орындары, тегі, аты, әкесінің аты және балалардың тасымалдауын ұйымдастыруға жауаптының лауазымы және әрбір автобус бойынша еріп жүретін ересек көрсетіледі.

Тапсырыс беруші меншікті көлігін тапсырылған автобустарға қосымша бөлу жағдайында тасымалдауға арналған көлік бірлігінің бөлінетін саны көрсетіледі.

Өтінімге тапсырыс беруші ұйымның басшысы немесе оның орынбасары қол қояды.

9. Тапсырыс беруші тасымалдауды орындау алдында бұйрықпен балалардың тасымалдауын ұйымдастыру туралы шешімді ресімдейді, онда лауазымды адамдардың, топтар басшыларының, бірге еріп жүрушілердің міндеттерін, маршрутын, мезгілдерін, дайындау және жол жүруді өткізу тәртібін, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды регламенттейді.

10. Оқу орындарына тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

11. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындай жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Алаңдарда жайластырылған өту жолдары болады және жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасады.

Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Күзгі-қысқы кезеңде алаңдар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

12. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айына кемінде бір рет) тексереді.

13. Балалардың топтарын 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдауға, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр) жол берілмейді.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарға көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу хабарлауға тиіс.

14. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалыс шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізушікестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы тапсырыс берушіге хабарлайды, ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шаралар қабылдайды.

